

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2011 жылдың 27 маусымындағы
№ 102 отырыс хаттамасы)

Б е к і т і л д і

2 тармақтың 5) тармақшасынан басқасы
2011 жылдың 01 шілдесінен бастап

Қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ ең көзге түскен мүшелерін жыл сайынғы мадақтау **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2011

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2012 жылдың 21 ақпанындағы № 32 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2012 жылдың 21 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ең көзге түскен мүшелерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін қоспағанда, жыл сайынғы мадақтау шарттары мен тәртібін ақытайды.

1. Ең көзге түскен Биржа мүшелерін жыл сайынғы мадақтау (бұдан әрі – мадақтау) аяқталған күнтізбелік жыл нәтижелері бойынша, Биржа белгілеген жерде және уақытта, дипломдармен және/немесе мақтау қағаздарымен марапаттау арқылы жүзеге асырылады.
2. Дипломдармен марапаттау келесідей номинациялар бойынша жүзеге асырылады:
 - 1) "Мемлекеттік бағалы қағаздардың биржалық нарығының көшбасшысы";
 - 2) "Үлестік құралдардың биржалық нарығының көшбасшысы";
 - 3) "Корпоративтік облигациялардың биржалық нарығының көшбасшысы";
 - 4) "Репо операциялар нарығының көшбасшысы";
 - 5) "Мерзімдік нарық көшбасшысы";
 - 6) "Жетекші қаржылық кеңесші".
3. Осы Ережелердің 2 тармағының 1)-5) тармақшаларында аталған номинациялар бойынша – осы номинацияның бірінші және екінші орындарын алған – 2 Биржа мүшесі марапатталады.

"Жетекші қаржылық кеңесші" номинациясы бойынша бір Биржа мүшесі марапатталады.
4. Осы Ережелердің 2 тармағының 1)-5) тармақшаларында аталмыш номинациялар бойынша марапаттау үшін Биржа мүшелерін Биржаның Ақпарат және талдау Департаменті (кейін Биржа Басқармасы бекітіп) сараптау жолымен анықтайды, бұл ретте:
 - 1) аталмыш номинациялар бойынша марапаттау үшін үміткерлердің бастапқы тізімдерін қалыптастыру Биржа мүшелерін өткен жылдағы, Биржа басқаратын және қызмет көрсететін, Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған қаржы нарығының тиісті секторларындағы олардың белсенділік көрсеткіштерін саралау арқылы жүзеге асырылады;
 - 2) Биржа мүшелерінің белсенділік көрсеткіштері, Биржа Басқармасының 2008 жылдың 19 мамырындағы № 66/0 шешімімен бекітілген, "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің белсенділік көрсеткіштерін есептеу Әдістемесіне сәйкес есептеледі;
 - 3) әр бір үміткер үшін есептелген, ұйымдастырылған қаржы нарығының тиісті секторындағы белсенділік көрсеткіші:
 - аталмыш үміткер ұйымдастырылған қаржы нарығының осы немесе шектес секторында¹, осы тармақтың 4) тармақшасында сипатталған жағдайды қоспағанда, мәмілені орындамау уақиғасы үшін *(осы абзац Биржа Басқармасының 2012 жылдың 21 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - аталмыш үміткер Биржаның ішкі құжаттарымен орнатқан нормалар мен ережелерді бұзғаны үшін;
 - аталмыш үміткер осы сектордағы белсенділік көрсеткіштерінің мәндеріне ықпал ететін қандай да бір әрекеттерін жасау арқылы адал ниетті бәсекелес ұстанымдарын, бірақ экономикалық және/немесе алып сатарлық мағынасы жоқ, анық бұзғаны үшін әр бір уақиғаға 0,05-ке азайтылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2012 жылдың 21 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
 - 4) репо операциясының жабылу мәмілесі, сондай-ақ ұйымдастырылған нарықтың тиісті секторларында мәміле заты ретінде сол қаржы құралының түрі қолданылатын мәмілелер солардың кінәсімен орындалмаған, үміткерлер осы Ережелердің

¹ Биржа басқаратын және қызмет көрсететін, Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған қаржы нарығының шектес секторлары деп, оларда жасалатын мәмілелердің заты ретінде қандай да бір түріндегі бірдей қаржы құралдарын немесе, заты ретінде бірдей активтер қолданылатын, қаржы құралдарын түсіну керек (мысалы, бір-біріне шектес деп акциялар нарығы мен репо операцияларының нарығын айтуға болады, себебі олардың заты ретінде акциялар қолданылады *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2012 жылдың 21 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*).

2 тармағының 4) тармақшасында аталмыш номинациялар бойынша мадақтауға үміткерлер тізімінен шығарылады;

- 5) егер аяқталған күнтізбелік жыл бойы және Биржа Басқармасы Биржа мүшелерін осы жылдың қорытындысы бойынша марапаттау тізімдерін бекіту датасына дейін
- үміткерді негізгі қызметі аясындағы әрекеттеріне рұқсат беретін лицензиясының қолданыста болуын уақытша тоқтатылса немесе лицензиар тоқтатса (лицензияны ерікті қайтару жағдайын қоспағанда);
 - үміткерге бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен айла-шарғы жүргізу мақсатта бағалы қағаздармен мәміле жасасқаны үшін ықпал шаралар қолданған болса;
 - үміткерге осы тармақшаның алдыңғы абзацында аталғаннан басқа әрекеттері үшін ден басқа екі немес одан көп ықпал шаралары қолданылса;
 - үміткер, Биржа қызметкерлерінің және/немесе лауазымды тұлғаларының сараптық бағалауы бойынша, қаржы нарығында қалыптасқан этикалық нормаларды бұзушылық әрекеттерге жол берсе, үміткерлер марапаттауға үміткер тізімінен шығарылады.

(Осы тармақша Биржа Басқармасының 2012 жылдың 21 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).

5. "Жетекші қаржылық кеңесшісі" номинациясы бойынша жеңімпазды келесідей көрсеткіштер бойынша Биржаның Листинг Департаменті (Биржа Басқармасы кейін бекітіп) анықтайды:
- 1) Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздардың саны, Биржа мүшелері қаржылық кеңесшілері ретінде дайындаған инвестициялық меморандумдар (Биржа мүшесінің қаржылық кеңесші ретінде қатысуымен);
 - 2) бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу мақсатында, Биржа мүшелерінің қаржылық кеңесшілер ретінде дайындаған инвестициялық меморандумдарының сапасы (Биржа мүшесінің қаржылық кеңесші ретінде қатысуымен);
 - 3) аталмыш бағалы қағаздардың шығарылым көлемдері.
6. Осы Ережелердің 2 тармағының 1)-5) тармақшаларында аталған номинациялар бойынша екінші орындарға ие болған Биржа мүшелері, "күміс" дипломдармен марапатталады.
7. Осы Ережелердің 2 тармағының 1)-6) тармақшаларында аталған номинациялар бойынша бірінші орындарға ие болған Биржа мүшелері, "алтын" дипломдармен марапатталады.
8. Биржа мүшелерінің қандай да бір, Биржа пікірі бойынша перспективалық және/немесе қаржы нарығының әрі қарай дамуына себепші деп табылатын, саладағы жетістіктері үшін мақтау қағаздарымен марапатталады.
9. Қандай да бір Биржа мүшесін мақтау қағазымен марапаттау туралы шешімді Биржа Басқармасы жұмыс тәртібінде қабылдайды.
10. Қандай да бір Биржа мүшесінің қандай да бір биржалық нарықтың секторындағы жоғары белсенділігі, оны мақтау қағазымен марапаттауға негіз бола алмайды.
11. Дипломдар мен мақтау қағаздарының дизайны мен мазмұнын Биржа анықтайды.
12. Осы Ережелерге сәйкес дипломдармен және мақтау қағаздарымен марапатталған Биржа мүшелері, олардың бейнесін және оларға сілтемелерді өз жарияланымдарында және жарнамалық материалдарында пайдалануға құқылы.